

**Шымкент қаласы деңсаулық сақтау басқармасы шаруашылық жүргізу  
құқығындағы «№3 қалалық аурухана» мемлекеттік комуналдық  
кәсіпорныны**

**ХАТТАМА №4**

Шымкент қаласы «22» шілде 2024 жыл

**Күн тәртібі тақырыбы:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл түсінігі

**Төраға:** ШЖҚ «№3 қалалық аурухана» МКК комплаенс-офицері  
М.Ж.Есполов

**Хатшы:** мамандар бөлімінің бастығы Ш.Мамашарипова

**Қатысқандар:** Кәсіпорын бас дәрігері С.М. Пернебеков, бас дәрігердің орынбасарлары О.Р.Тойчибаев, Е.К.Каратеев, Кәсіпорынның есепшілері, экономисі, Кәсіпорынның бөлімше менгерушілері, бас медбике, аға медбикелер.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған Кәсіпорынның комплаенс-офицері М.Есполов өз сөзінде төмендегі мәселелерге тоқталып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы негізгі нормалары мен функциялары бойынша түсіндіріп өтті:

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызыметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (муліктік емес) иғіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты иғіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу (Заңның 1 бабы б тармагы).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (361-бап), коммерциялық сатып алу (253-бап), билікті немесе қызыметтік өкілеттікті асыра пайдалану (362-бап), пара алу (366-бап), қылмыстық жалғандық жасау (369-бап) туралы лауазымдық қылмыс нормалары ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормалары болып табылады. Сондай-ақ, елімізде сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер де қабылданды.

Оларға «Мемлекеттік қызмет туралы» (1995) және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (1998) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдары жатады.

*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс* – квазимемлекеттік сектор субъектісі бөлімшелерінің біріне жүктелетін тиісті ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

*Комплаенс қызметкери* - өз өкілеттіктерін атқарушы органға тәуелсіз жүзеге асырады, Байқау кенесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарының сақталуын қамтамасыз етуде тәуелсіз болып табылады.

*Сыбайлас жемқорлық тәуекелі* – ұйым қызметкерінің, сондай-ақ ұйымның атынан немесе оның мүддесін көздейтін басқа да тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау мүмкіндігі; немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

*Мүдделер қақтығысы* – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық жағдайында аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттемелерін орындаударына және (немесе) тиісінше орындаудына алып келуі мүмкін;

*Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу* – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралар жүйесін өзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

*Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық* – бұл үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайши, кінәлі түрдегі іс-әрекет (немесе әрекетсіздік)

*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты* - қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады (Заңның 5 бабы).

Жиналыс соңында сұрақ-жауап іс-шарасы еткізілді.

Сәлғын  
қаралып  
туралы 2015 жыл  
жетекші

Төраға:

М.Ж.Есполов

Хатшы:

Ш.Т.Мамашарипова